

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 3 тамыздағы № 779 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 мамырдағы № 553 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 3 сәуірдегі № 165 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 03.04.2020 № 165 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 55, 769-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімінде:

реттік нөмірі 7-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша адамның қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы ақпарат беру";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"БП ҚСАЕК, БП ҚСАЕК аумақтық басқармалары";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ХҚО, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 8-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Құжаттарды қабылдау және оларды Қазақстан Республикасының шет елдерде жүрген азаматтарына паспорттар жасауға жіберу және олардың паспорттарына қажетті жазбалар енгізу";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері, ПМ";

реттік нөмірі 12-жолдың 9-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

реттік нөмірі 14-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәліктер беру";

реттік нөмірі 17-жолдың 9-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

реттік нөмірі 18-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шығару";

7-бағандағы ", "электрондық үкіметтің" веб-порталы" деген сөздер алып тасталсын;

реттік нөмірі 24-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды сенімхат бойынша басқаратын адамдарды тіркеу";

реттік нөмірі 25-жолдың 7-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана және Алматы ққ. ЖАО";

реттік нөмірі 26-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Дара кәсіпкерді, жекеше нотариусты, жеке сот орындаушысын, адвокатты тіркеу есебі";

6 және 7-бағандарындағы ", ауданаралық салық басқармалары" деген сөздер алып тасталсын;

реттік нөмірі 27-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кетуге арналған құжаттарды ресімдеу";

реттік нөмірі 30-жолдың 9-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Қағаз түрінде";

реттік нөмірі 31-жолда:

8-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қағаз түрінде";

реттік нөмірі 34-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке және заңды тұлғалар";

реттік нөмірі 38-жолдың 6 және 7-бағандарындағы ", ауданаралық салық басқармалары" деген сөздер алып тасталсын;

реттік нөмірі 39-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке, қайта есепке қою, куәліктің телнұсқасын беру";

5, 6 және 7-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

"БАА";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қағаз түрінде";

реттік нөмірі 40-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"БАА";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана және Алматы ққ. ЖАО";

реттік нөмірлері 42, 43 және 44-жолдардың 6 және 7-бағандарындағы ", ауданаралық салық басқармалары" деген сөздер алып тасталсын;

реттік нөмірі 45-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндірушілерге (импорттаушыларға), сондай-ақ акцизделетін өнімдердің кейбір түрлерін, авиациялық отын мен мазут өндірушілер мен импорттаушылардың тауарларына дербес сәйкестендіру нөмірін (ДСН-код) беру";

реттік нөмірі 46-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшінің қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғаларды тіркеу және оларды тіркеуден алу";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржымінің Салық комитеті";

реттік нөмірі 52-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 53-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірлері 54 және 55-жолдардың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 57-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультация беру";

6 және 7-бағандардың орыс тіліндегі мәтініне өзгерістер енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

реттік нөмірі 58-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық түзеу және әлеуметтік оңалту";

6 және 7-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

"Оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері";

реттік нөмірі 61-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ХҚО, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 62-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау";

8-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін";

реттік нөмірі 63-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау";

реттік нөмірі 64-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау";

реттік нөмірі 65-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау";

6 және 7-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

"Арнайы білім беру ұйымдары, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдары";

реттік нөмірі 66-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау";

6 және 7-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

"Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары, жалпы орта білім беру ұйымдары";

реттік нөмірі 67-жолда:

7-бағандағы ", "электрондық үкіметтің" веб-порталы" деген сөздер алып тасталсын;

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қағаз түрінде";

реттік нөмірі 68-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 69-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Аз қамтылған отбасылардағы балалардың қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру";

6 және 7-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана және Алматы ққ., аудандардың және қалалардың ЖАО, білім беру ұйымдары";

8-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақылы/тегін";

реттік нөмірі 70-жолда:

3-бағанында орыс тіліндегі мәтініне өзгерістер енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

6 және 7-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 71-жолдың 6 және 7-бағандары мынадай редакцияда жазылсын:

"Оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері";

реттік нөмірі 72-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ХҚО, Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, кент, ауыл, ауылдық округ әкімі";

реттік нөмірі 73-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 74-жолда:

6 және 7-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қағаз түрінде";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 74-1, 74-2 және 74-3-жолдармен толықтырылсын:

"

74-1	00404004	Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру	Жеке тұлғалар	БҒМ	Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО	Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО	Тегін	Қағаз түрінде
74-2	00404005	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға ақшалай	Жеке тұлғалар	БҒМ	Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық	Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық	Тегін	

		қаражат төлеуді тағайындау			маңызы бар қалалардың ЖАО	маңызы бар қалалардың ЖАО		Қағаз түрінде
74-3	00404006	Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алу	Жеке тұлғалар	БҒМ	Астана және Алматы қк., аудандардың және қалалардың ЖАО	Астана және Алматы қк., аудандардың және қалалардың ЖАО	Тегін	Қағаз түрінде

”;

реттік нөмірі 76-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ХҚО, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

8-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды/қағаз түрінде";

реттік нөмірі 80-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Жылжымалы құрам кепілін мемлекеттік тіркеу";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ХҚО, "электрондық үкіметтің" веб-порталы, екінші деңгейдегі банк";

реттік нөмірі 81-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және Жылжымалы құрамның мемлекеттік тізілімінен шығару";

8-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақылы/тегін";

реттік нөмірі 83-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 84-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды нөмірлік тіркеу белгілерін бере отырып тіркеу, қайта тіркеу";

реттік нөмірі 85-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ

жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру";

реттік нөмірі 89-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Кеменің, шағын көлемді кеменің немесе салынып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат беру";

реттік нөмірлері 90, 91 және 92-жолдардың 6 және 7-бағандары мынадай редакцияда жазылсын:

"Порттың теңіз әкімшілігі";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 92-1-жолмен толықтырылсын:

"

92-1	00501019	Кемелер мен оларға құқықтарды Қазақстан Республикасы халықаралық мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу	Жеке және заңды тұлғалар	ККМ	Порттың теңіз әкімшілігі	Порттың теңіз әкімшілігі	Ақылы	Қағаз түрінде
------	----------	--	--------------------------	-----	--------------------------	--------------------------	-------	---------------

";

реттік нөмірі 101-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Әділетминінің ЗМҚК";

реттік нөмірлері 102 және 103-жолдарда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Әділетминінің ЗМҚК";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Әділетминінің ЗМҚК "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК";

реттік нөмірлері 105 және 106-жолдардың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Әділетминінің ЗМҚК";

реттік нөмірі 107-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауар таңбасына куәлік беру";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Әділетминінің ЗМҚК";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Әділетминінің ЗМҚК "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК, " электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 108-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауар шығарылған жердің атауына куәлік беру";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Әділетминінің ЗМҚК";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:



"Әділетминінің ЗМҚК "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК, " электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 109-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Әділетминінің ЗМҚК";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Әділетминінің ЗМҚК "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК, " электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 110-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Пайдалы модельге патент беру";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Әділетминінің ЗМҚК";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Әділетминінің ЗМҚК "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК, " электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірлері 111 және 112-жолдарда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Әділетминінің ЗМҚК";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Әділетминінің ЗМҚК "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК, " электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 113-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржыминінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, Қаржыминінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің аумақтық департаменттері, облыстардың, Астана және Алматы ққ. ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржыминінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, Қаржыминінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің аумақтық департаменттері, облыстардың, Астана және Алматы ққ. ЖАО, электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды/қағаз түрінде";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 117-1, 117-2, 117-3 және 117-4-жолдармен толықтырылсын:

"

		Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін				
--	--	---	--	--	--	--

117-1	00601005	медициналық ұйымнан анықтама беру	Жеке тұлғалар	ДСМ	Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдар	Медициналық-санитария алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдар
117-2	00601006	Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру	Жеке тұлғалар	ДСМ	Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдар	Медициналық-санитария алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдар
117-3	00601007	Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беру	Жеке тұлғалар	ДСМ	Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдар	Медициналық-санитария алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдар
117-4	00601008	Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру	Жеке тұлғалар	ДСМ	Стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдар	Стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдар

";

реттік нөмірі 120-жолдың 6 және 7-бағандарындағы ", ДСМ МСЭҚК және ДСМ МСЭҚК аумақтық департаменттері" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 120-1-жолмен толықтырылсын:

"

120-1	00602020	Біліктілік санатын бере отырып, маман сертификатын беру	Жеке тұлғалар	ТҚҚА	ТҚҚА, ТҚҚА аумақтық бөлімшелері	ТҚҚА, ТҚҚА аумақтық бөлімшелері	Тегін	Қағаз түрінде
-------	----------	---	---------------	------	---------------------------------	---------------------------------	-------	---------------

";

реттік нөмірі 123-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Денсаулық сақтау саласының кадрларын даярлықтан өткізу, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы құжаттарды беру";

8-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін";

реттік нөмірлері 125 және 126-жолдарда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана қ. бойынша ДСМ МФҚБК және Алматы қ. бойынша ДСМ МФҚБК";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана қ. бойынша ДСМ МФҚБК және Алматы қ. бойынша ДСМ МФҚБК, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 135-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ТҚҚА";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ТҚҚА, ТҚҚА аумақтық бөлімшелері";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ТҚҚА, ТҚҚА аумақтық бөлімшелері, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 136-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Адам ағзаларын (ағзаларының бөліктерін) және (немесе) адам тіндерін, қан мен оның компоненттерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және ( немесе) Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге лицензия беру";

8-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақылы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды/қағаз түрінде";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 136-1-жолмен толықтырылсын:

"

136 -1	00602021	Туыстас емес транспланттауды жүргізу мақсатында гемопозддік дің жасушаларын, сүйек кемігін өткізген жағдайда, оларды, сондай-ақ диагностикалық мақсаттарға арналған немесе биомедициналық зерттеулер жүргізу процесінде алынған жасушалардың, тіндердің, биологиялық сұйықтықтар мен сөлдердің, оның ішінде адамның тіршілік әрекеті өнімдерінің, физиологиялық және патологиялық шығындылардың, сүртінділердің, қырындылардың, шайындылардың үлгілерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге қорытынды (рұқсат беру құжаттарын) беру	Заңды тұлғалар	ДСМ	ДСМ	ДСМ	Тегін	Қағаз түрінде
-----------	----------	---	----------------	-----	-----	-----	-------	---------------

";

реттік нөмірлері 137 және 138-жолдарда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ТҚҚА";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ТҚҚА, ТҚҚА аумақтық бөлімшелері";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ТҚҚА, ТҚҚА аумақтық бөлімшелері, "электрондық үкіметтің" веб-порталы"

;

реттік нөмірі 139-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ТҚҚА";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"ТҚҚА, ТҚҚА аумақтық бөлімшелері";  
7-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"ХҚО, ТҚҚА, ТҚҚА аумақтық бөлімшелері, "электрондық үкіметтің"  
веб-порталы";  
реттік нөмірі 140-жолда:  
5-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"ТҚҚА";  
6 және 7-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:  
"ТҚҚА, ТҚҚА аумақтық бөлімшелері";  
реттік нөмірі 141-жолда:  
5-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"ТҚҚА";  
6-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"ТҚҚА, ТҚҚА аумақтық бөлімшелері";  
7-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"ТҚҚА, ТҚҚА аумақтық бөлімшелері, "электрондық үкіметтің" веб-порталы"  
;  
реттік нөмірі 145-жолда:  
6-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар  
қалалардың ЖАО";  
7-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"ХҚО, Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар  
қалалардың ЖАО, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";  
реттік нөмірі 146-жолда:  
6-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар  
қалалардың ЖАО";  
7-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар  
қалалардың ЖАО, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";  
реттік нөмірі 147-жолда:  
6-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"Облыстардың, Астана және Алматы ққ. ЖАО";  
7-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"Облыстардың, Астана және Алматы ққ. ЖАО, "электрондық үкіметтің"  
веб-порталы";  
реттік нөмірі 148-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті ұйымнан зейнетақы төлемдерін тағайындау";

реттік нөмірі 154-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ХҚО, Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі";

реттік нөмірі 156-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 157-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ХҚО, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі";

реттік нөмірі 158-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ХҚО, ЗТМО, Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 159-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын көрсету";

реттік нөмірлері 161, 162, 163, 164, 165, 166 және 167-жолдардың 6 және 7-бағандары мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 169-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ХҚО, Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі";

реттік нөмірі 170-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ХҚО, Астана және Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 171-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тұрғын үйге мұқтаж әскери қызметшілерін есепке қою";

6 және 7-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қорғанысминінің аудандық пайдалану бөлімдері";

реттік нөмірі 174-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау";

реттік нөмірі 175-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау";

7-бағандағы ", "электрондық үкіметтің" веб-порталы" деген сөздер алып тасталсын;

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қағаз түрінде";

реттік нөмірі 176-жолдың 7-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары оқу орындары, БҒМ";

реттік нөмірі 184-жолдың 8-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім беру қызметіне лицензия және/немесе лицензияға қосымша беру, қайта ресімдеу, лицензияның және/немесе оған қосымшаның телнұсқасын беру";

реттік нөмірі 185-жолдың 8-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін";

реттік нөмірі 187-жолдың 8-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін";

реттік нөмірі 189-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке және заңды тұлғалар";  
реттік нөмірі 193-жолдың 8-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:  
"Тегін";  
реттік нөмірі 195-жолда:  
3-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"Орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау";  
8-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"Тегін";  
реттік нөмірі 196-жолдың 7-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:  
"ХҚО, Әділетминінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті,  
"электрондық үкіметтің" веб-порталы";  
реттік нөмірі 197-жолдың 7-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:  
"ХҚО, Әділетминінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті"  
;  
реттік нөмірі 198-жолдың 7-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:  
"ХҚО, Әділетминінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті,  
"электрондық үкіметтің" веб-порталы";  
реттік нөмірі 199-жолда:  
3-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалардың, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың, олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу";  
7-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"ХҚО, Әділетминінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті"  
;  
реттік нөмірі 200-жолда:  
7-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"ХҚО, Әділетминінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті"  
;  
9-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"Электронды/қағаз түрінде";  
реттік нөмірі 201-жолда:  
7-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"ҰБ орталық аппараты, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";  
9-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"Электронды/қағаз түрінде";  
реттік нөмірі 202-жолдың 6 және 7-бағандарындағы ", ауданаралық салық басқармалары" деген сөздер алып тасталсын;

реттік нөмірі 203-жолдың 7-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"ХҚО, Әділетминінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірлері 205 және 206-жолдардың 9-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды/қағаз түрінде";

реттік нөмірі 207-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Аумақтық әділет органдары, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды/қағаз түрінде";

реттік нөмірі 209-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Аумақтық әділет органдары, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды/қағаз түрінде";

реттік нөмірі 211-жолдың 8-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақылы/тегін";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 211-1-жолмен толықтырылсын:

"

211 -1	00903021	Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау	Жеке және заңды тұлғалар	Әділет міні	Облыстардың, Астана, Алматы қалалардың сот актілерін орындау департаменттері	Облыстардың, Астана, Алматы қалалардың сот актілерін орындау департаменттері	Тегін	Қағаз түрінде
-----------	----------	---	--------------------------	-------------	--	--	-------	---------------

";

реттік нөмірі 212-жолда:

5-бағанда орыс тіліндегі мәтініне өзгерістер енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мәдениетминінің Мәдениет және өнер істері комитеті";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ХҚО, Мәдениетминінің Мәдениет және өнер істері комитеті, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 223-жолдың 8-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін";

реттік нөмірі 227-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:



"Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтауға және көтерме саудада сатуға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру";

реттік нөмірі 228-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтауға және бөлшек саудада сатуға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру";

реттік нөмірі 230-жолдың 8-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін";

реттік нөмірі 233-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Монокалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 234-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Монокалалардың ЖАО, "Даму" КДҚ" АҚ";

реттік нөмірі 236-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Монокалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 242-жолдың 8-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақылы/тегін";

реттік нөмірі 243-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана және Алматы ққ. ЖАО";

реттік нөмірі 244-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана және Алматы ққ. ЖАО";

реттік нөмірі 245-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ауыр салмақты және (немесе) ірі көлемді көлік құралдарының (шетелдік көліктерді қоса алғанда) жүріп өтуі үшін арнайы рұқсат беру";

реттік нөмірі 246-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу";

реттік нөмірі 247-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Тракторларға және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелеріне, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарға ауыртпалықтың жоқ (бар) екендігі туралы ақпарат ұсыну";

реттік нөмірі 248-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 249-жолда:

4-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке және заңды тұлғалар";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ККМ Азаматтық авиация комитеті, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 251-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ККМ Азаматтық авиация комитеті";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қағаз түрінде";

реттік нөмірі 253-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігін беру";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ККМ Азаматтық авиация комитеті, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды/қағаз түрінде";

реттік нөмірі 267-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Экипаж мүшесінің куәлігін беру";

реттік нөмірі 268-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық әуе кемесіне үлгі сертификатын беру";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ККМ Азаматтық авиация комитеті, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды/қағаз түрінде";

реттік нөмірі 271-жолда:

6 және 7-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

"Порттың теңіз әкімшілігі";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қағаз түрінде";

реттік нөмірі 274-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұйымдарды және сынақ зертханаларын техникалық куәландыруды жүргізу";

6 және 7-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

"ККМ "Қазақстан кеме қатынасының тіркемесі" РМҚК";

реттік нөмірі 275-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 276-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау";

4-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке тұлғалар";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 276-1-жолмен толықтырылсын:

"

276-1	011103007	Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу	Жеке және заңды тұлғалар	ККМ	ККМ Көліктік бақылау комитеттерінің аумақтық органдары	"Электрондық үкіметтің" веб-порталы	Ақылы	Электронды
-------	-----------	---	--------------------------	-----	--	-------------------------------------	-------	------------

";

реттік нөмірі 279-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚазАвтоЖол" ҰК" АҚ облыстық филиалдары";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ХҚО, "ҚазАвтоЖол ҰК" АҚ облыстық филиалдары, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 280-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың және Астана, Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ХҚО, облыстардың және Астана, Алматы ққ., аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 282-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы жолдарға кірме жолдарды және оларға жалғасатын жолдарды салуға рұқсат беру";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚазАвтоЖол" ҰК" АҚ облыстық филиалдары";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ХҚО, "ҚазАвтоЖол ҰК" АҚ облыстық филиалдары, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 285-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті";  
7-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"ХҚО, ҚОСРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";  
реттік нөмірі 286-жолда:  
5-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"ҚОСРМ";  
6-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"ҚОСРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті";  
7-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"ХҚО, ҚОСРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";  
реттік нөмірі 287-жолда:  
5-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"ҚОСРМ";  
6-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"ҚОСРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті";  
7-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"ХҚО, ҚОСРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";  
реттік нөмірлері 288 және 289-жолдарда:  
5-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"ҚОСРМ";  
6-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"ҚОСРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті, ҚОСРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері";  
7-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"ҚОСРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті, ҚОСРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";  
реттік нөмірі 290-жолда:  
5-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"ҚОСРМ";  
6-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"ҚОСРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Экология департаменттері";  
7-баған мынадай редакцияда жазылсын:  
"ҚОСРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Экология департаменттері, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірлері 291 және 292-жолдарда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың және Астана, Алматы ққ. ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ХҚО, облыстардың және Астана, Алматы ққ. ЖАО, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 293-жолда:

4-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңды тұлғалар";

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

6 және 7-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті";

реттік нөмірі 294-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті, табиғатты қорғау мекемелері";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті, табиғатты қорғау мекемелері, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

8-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін";

реттік нөмірі 295-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті, табиғатты қорғау мекемелері";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті, табиғатты қорғау мекемелері, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

8-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қағаз түрінде";

реттік нөмірлері 296 және 297-жолдардың 5, 6 және 7-бағандары мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

реттік нөмірлері 298 және 299-жолдардың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

реттік нөмірлері 300 және 301-жолдарда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

6 және 7-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды және қорғауды реттеу жөніндегі бассейндік инспекциялары";

реттік нөмірі 302-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

6 және 7-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Су ресурстары комитеті";

реттік нөмірлері 303 және 304-жолдарда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

6 және 7-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалану және қорғауды реттеу жөніндегі бассейндік инспекциялары";

реттік нөмірі 305-жолдың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

реттік нөмірі 306-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық бөлімшелері";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық бөлімшелері, " электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 307-жолдың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

реттік нөмірлері 308 және 309-жолдардың 6 және 7-бағандары мынадай редакцияда жазылсын:

"ИЖТМ Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті";

реттік нөмірі 310-жолдың 6 және 7-бағандары мынадай редакцияда жазылсын

:

"ИЖТМ Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті";

реттік нөмірі 311-жолдың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

реттік нөмірі 312-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмір 313-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің аумақтық инспекциялары";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің аумақтық инспекциялары, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 314-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 315-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті, ҚОСРМ Балық шаруашылығы комитеті";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті, ҚОСРМ Балық шаруашылығы комитеті, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 316-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Өсімдіктер әлемінің объектілерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге рұқсат беру";

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің аумақтық инспекциялары";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің аумақтық инспекциялары, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды/қағаз түрінде";

реттік нөмірі 317-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті және Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің аумақтық инспекциялары ҚОСРМ Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық инспекциялары";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті және Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің аумақтық инспекциялары, ҚОСРМ Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық инспекциялары, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 318-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

6 және 7-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің аумақтық инспекциялары, ҚОСРМ Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық инспекциялары";

реттік нөмірі 319-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

6 және 7-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Балық шаруашылығы комитеті";

реттік нөмірі 320-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

6 және 7-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық инспекциялары";

реттік нөмірі 321-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:



"ҚОСРМ";

6 және 7-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық инспекциялары";

реттік нөмірі 322-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық инспекциялары,  
ҚОСРМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің аумақтық  
инспекциялары";

реттік нөмірі 323-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті, ҚОСРМ Балық  
шаруашылығы комитеті";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті, ҚОСРМ Балық  
шаруашылығы комитеті, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 324-жолдың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

реттік нөмірі 325-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

6 және 7-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық бөлімшелері";

реттік нөмірі 326-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

6 және 7-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің аумақтық  
инспекциялары";

реттік нөмірі 327-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті және Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің аумақтық инспекциялары, ҚОСРМ Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық инспекциялары";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚОСРМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті және Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің аумақтық инспекциялары, ҚОСРМ Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық инспекциялары, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 328-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ИЖТМ, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды/қағаз түрінде";

реттік нөмірі 331-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ХҚО, облыстардың ЖАО, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды/қағаз түрінде";

реттік нөмірлері 338 және 339-жолдарда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ИЖТМ Өнеркәсіп комитеті, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды/қағаз түрінде";

реттік нөмірі 341-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ИЖТМ Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің аумақтық бөлімшелері, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды/қағаз түрінде";

реттік нөмірі 342-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ИЖТМ Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды/қағаз түрінде";

реттік нөмірі 344-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 346-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана және Алматы ққ. ЖАО";

8-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақылы";

реттік нөмірі 350-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін дамытуды субсидиялау";

реттік нөмірі 351-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау";

реттік нөмірі 353-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Шитті мақта сапасы куәлігін беру";

6 және 7-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚазАгрЭкс" АҚ (сараптамалық ұйым) және оның филиалдары";

реттік нөмірі 354-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 357-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Астықты экспорттаушыға астық экспорттаушының мемлекеттік астық ресурстарына астық жеткізу бойынша міндеттемелерді сақтауы туралы растама беру";

реттік нөмірі 358-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары ірі қара малдың импортталған асыл тұқымдық өніміне (материалына) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты қоспағанда, экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану";

реттік нөмірі 359-жолда:

8-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды/қағаз түрінде";

реттік нөмірі 360-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Алматы және Астана ққ., облыстық маңызы бар қаланың, ауданның бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасары;

Алматы және Астана ққ., облыстық маңызы бар қаланың, ауданның бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасары бекіткен тізім негізінде бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар";

реттік нөмірі 361-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру";

реттік нөмірі 362-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру";

реттік нөмірі 363-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

